


Адамзат тарихындағы ең үлкен алапат әкелген Екінші дүние-жүзілік соғыс қазақ халқының тағдырына да үлкен әсерін тигізді. Бұл жойқын соғыстың қасіретті беттерінің бірі – тұтқындар мәселесі.

Сол кездегі кеңестік биліктің тарапынан ұстанған қағида бойынша, яғни «Бізде әскери тұтқындар жоқ, сатқындар бар» деген ұстанымы миллиондаған тұтқындардың тағдырына ауыр зардабын әкелді.




ТАСАДА ҚАЛҒАН ТҰТҚЫНДАР ТАҒДЫРЫ



Осы соғыста тұтқынға түскен азаматтардың көрген қорлығы мен сұмдық азапты күндерін бүгінде архив деректері айғақтай түсуде.

Сол жазықсыз жазаланған жандардың айтылмай жатқан қилы тағдыры қаншама. Олардың тарихта, өздеріне лайықты орнын алуы әділеттілік болар еді.

Ендігі жерде XX ғасырдың



йына жіберді. 1943 жылы Кеңес әскері күш ала бастаған шақта бізді Германияның Нойхимер қаласына ауыстырды. Сонда 3-атқыштар батальонының командирі болдым, аудармашылар курсына оқыдым. Бірақ, ақиқатын айтайын, адам өлтірген емеспін, біздің батальон да ешқандай ұрысқа қатыстырылған емес. Тек әскери да-

келіпті. Қазақ, шала сауатты, бұрын сотты болмаған. «Отанын сатты» деген айыппен сотталғанға дейін соғыстан соңғы жылдары Түркістан ауданындағы Хантағы кенішінде күзетші болып қызмет атқарған.

Ол №519 атқыштар полкі қатарында жасалған жаумен соғыса жүріп, 1942 жылы тұт-

шеккен осы әскери тұтқындарды ақтайтын мезгіл жетті. Өйткені, бүгінгі ұрпақ, Отан үшін от кешкен жауынгерлердің туған-туыстары, жақындары мен бауырлары олардың тағдыр-тарихы туралы танып-білуі тиіс.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі бастамасы көпшіліктің көңіліне шығып отырғаны даусыз. Еліміз үшін, тарих үшін бұл маңызы зор оқиға болып отыр. Оңтүстік өңірінде құрылған комиссияның жұмысшы топ мүшесі ретінде біз де архив қорларында елеусіз қалып қойған «Түркістан легионы» қатарында болған оңтүстікқазақстандықтардың аянышты тағдырына қатысты құнды құжаттарды мұқият зерделей отырып, ащы шындыққа көз жеткізгендей болдық.

Бүгінгі күні Шымкент қаласы полиция департаментінің арнайы мемлекеттік архивінде Түркістан облысы бойынша қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтарға қатысты істердің жалпы саны 17 мың 231 сақтау бірлігін құрап отыр екен. Солардың ішінде «ақталмаған азаматтардың мұрағаттық қылмыстық істері» қорының жалпы саны – 563. Оның көпшілігі әскери тұтқындар. Солардың ішінде «Түркістан легионында» болған оңтүстік жерлестеріміздің де баршылық екені анықталуда.

Кеңестік заманда осы легионның құрылуын М.Шоқайдың атымен байланыстырып келді. Біздіңше Түркістан легионын Мұстафа Шоқаймен тікелей байланыстыру дұрыс емес. Керісінше Шоқайдың Риббентропқа жолдаған хатынан оның Бетховен мен Бахтай ұлыларды тудырған ұлттың көсемінің әскери тұтқындарға жасап отырған жауыздығынан жаны түршігіп, «Түркістан легионын» басқарудан бас тартқанын білеміз. Сондай-ақ ол 1941 жылы 27 желтоқсанда жұмбақ жағдайда өмірден өткен. Ал «Түркістан легионы» 1942 жылдың шілде айынан бастап жасақталған. Сондықтан бар ғұмырын ұлт бостандығына ар-

нап, түркішілдік идеясын тудыратын Мұстафаны «Түркістан легионының» тірегі санау қисынға келмейді деп білеміз. Яғни неміс басқыншыларының мақсаты бөлек. Мұстафа Шоқайдың діттегені басқа. Яғни Алаш арысы түркі біткеннің түгел болуын қаласа, Гитлер үшін «Түркістан легионы» Кеңес әскерін ыдыратудың бір жолы. Оның үстіне тұтқындар лагеріндегі адам төзгісіз жағдай, аяусыз ұрып-соғу, абақтыны жайлаған аштық елге тірі жетуді ғана ойлаған жауынгерлердің «Түркістан легионы» қатарына енуіне амалсыз мәжбүр болды десек, қателесе қоймаймыз.

Ендеше сол жат жерде жау қолында қалып, қапастан қатылса да қасірет шеккен қандастардың бірқатарының талайлы тағдырына тереңірек үңіліп көрейік.

Сондай сарбаздың бірі – Сауытбек Кәрібаев. 1906 жылы Қарағанды облысы Ұлытау ауданында туған. Ұлты қазақ, отбасылы, 7 сыныптық білімі бар, әскер қатарына 1940 жылы алынып, 1946 жылы 30 қарашада тұтқындалып, 10 жылға сотталыпты.

Шындықтың шырақшысы, қай кезде де тұрасын айтып, тіліп сөйлейтін сөз зергері Шерхан Мұртазаның «Ақиқат – адал айтыстан туады» деген бір тамаша тәмсілі бар. Расында да біз «легиондықтарды» ақтау үдерісінде тек әскери трибуналдың тұжырымын ғана негізге алып қоймай, тұтқындардың өз қолымен жазған арыз-шағымдарына көбірек сүйенетін болсақ, әділеттің салтанат құратыны күмәнсіз. Себебі әскери трибунал шешімдерінде тұтқындарды біржақты қарау басым. Мәселен, жоғарыда аталған Сауытбек Кәрібаевты айыптау қорытындысын-

да оның тұтқынға еш қарсылықсыз берілгені жазылыпты. Сондай-ақ ол «легионда» 1944 жылдың қарашасына дейін аудармашы қызметінде болып, соғыстың соңғы жылында ағылшын-американ әскерлерінің қолына түскен. Ал «Түркістан легионында» тыңшылық әрекетке де барып, фашизмді өлердей жек көретін тұтқындардың тізімін немістерге беріп отырыпты. Оның «доностары» негізінде 5 адамның атылғанын да растайтын құжаттар бар көрінеді.

Осылайша Кәрібаевтың ісін қараған кәнігі тергеуші Шаян ауданының тұрғынын айыпты деп табады. Тергеу хаттамасына тігілген жауабында Кәрібаев 1940 жылы ақпанда Шаян әскери комиссариатынан алынып, Польшаның Замберг қаласында қатардағы жауынгер ретінде борышын өтегенін, осы қалада сұм соғыс басталғанға дейін болып, жойқын бомбылаудан соң амалсыз артқа шегінген 5-атқыштар ротасымен бірге Белоруссияның Белосток елді мекеніне қарай шегінгенін айта келе былай дейді:

«... Сол 1941 жылдың маусым айының аяғына қарай біздің Белостоктағы бөлім қалың жаудың қоршауында қалды. Бізге шегінуге бұйрық берілген соң быт-шыты шыққан Белостокты тастап Минскіге қарай беттедік. Қаланың қарасы алыстан көрінгенде қатты қуанғанымыз бекер екен, Минск де қоршауда қалыпты. Осылайша алдан да, арттан да анталаған жауға тосқауыл бола алмай, біздің бөлім амалсыз берілді. Яғни тергеушінің «қарсылықсыз қолға түсті» деген қауқарсыз қаулысы да жігіт зерделеуді қажет ететін сияқты.

Ал тергеу процесіндегі «1942 жылы Сіздің легионер-

лермен бірге Берлин қаласына экскурсияға барғаныңыз рас па?» – деген мысқылды сұраққа мысы басылмай тіл қатқан Кәрібаев: «... Мұнан алдыңғы тергеулерде де айтып өткенімдей рас, біздің «легионнан» 20 адамды таңдап алып, сіз айтқан жылы «Легионово» лагерінен (Польша) Берлинді аралап келуге аз күнге аттандырды. Бізді бұл сапарға қуана келісті десеңіз қателесесіз. Өзіңіз де біліп отырсыз ғой, бізде таңдау құқы болған жоқ. Олардың мақсаты да сол, жүгі жығылып, тұтқында әбден жасып қалған жауынгерлердің рухын өлтіріп, әскер арасына үрей таратып, «қуатты Германияның» әлеуетін әлемге әйгілеу болатын.

Бізді бірнеше заводтарға алып барып, неміс қаруының «қуатын» көз алдымызға келтірді. «Таза қанды» халықтың мәдениеті мен өнерін көрсетіп, кинотеатрларға апарды, антикеңестік мазмұндағы лекцияларға қатыстырды. Балға үймеленген шыбындай неміс және батыс корреспонденттері бізді кезек-кезек түсіріп, баспасөзге үздіксіз жариялап жатты. Ол жерде бар болғаны 16 тәулік болдық. Сонан соң Легионово-дағы лагерьге оралдық. Лагерьге оралған соң бізді бас қала – Берлиндегі көрген «қызықтарымызды» тұтқындарға насихаттау үшін түрлі шараларға еріксіз тартып, мәжбүрледі. Маусым айы аяқталар тұста мені үш неміс офицерінің күзетуімен Белоруссияның батысындағы Романде ауылындағы лагерьге әкеліп тастады. Бұл жерде де маған антикеңестік агитациялар жүргізу талап етіліп, неміс әскери техникасының «ғажайыптарын» әңгімелеу тапсырылды. Бұл қадамға амалсыз бардым. Кейіннен «легионерлерді» Украинаның Сталинск станциясы маңа-

6 ай оқыған соң біз алдымен Польша астанасы Варшавадан 40-45 шақырым жердегі Янов лагерінде, кейін 1944 жылы штрафбат құрамында Белоруссияның Спониум қаласында түрлі қара жұмысты атқардық. Бар бітіргеніміз – күндіз-түні ағылып келіп жатқан жүк көліктерінен қару-жарақты түсіріп, қоймаға жинау. Одан қалса, жарылыстан жарамсыз күйге түскен темір жол рельстерін қалпына келтіреміз. Ал штрафбат тұрасында айтар болсам, ол «легиондағы» сенімсіз солдаттардан жасақталды. Сондықтан мені де «сатқын» деп кесіп айтуға асықпауыңызды өтінемін. Қанша қателікке бой алдырсам да, қанша жұртты қанға бөктірген жендеттерге жансыз болған жоқпын. «Донос» туралы айтқандары да бос дабыра. Штрафбатқа да мені басында аудармашы етіп жіберген еді...», - дейді.

Дегенмен СМЕРШ арқылы алынған материалдарды басты айғақ көрген ОҚО МҚК басқармасының аға тергеушісі кіші лейтенант Аверин тұтқыннан босатылып, сүзгіден өткізілгенде Сауытбектің жау қолында болғанын жасырып қалғанын, бірнеше куәлардың жазбалары бойынша оның Польшаның Зеленково елді мекенінде «легионға» қосылғанын, ефрейторлықтан бөлім командиріне дейін көтерілгенін, т.б. атап көрсетеді. Ең ауыр айып – олардың айтуынша, Кәрібаев неміс барлауына бас ие қызмет етіп, штрафбаттағы Кеңес әскеріне қосылу үшін қашуға әрекеттенгендерді әшкерелеген. Нәтижесінде 95 адам қамауға алынып, 5-еуі атылған. Біздіңше, бұл да дәлелдеуді қажет етеді. Өйткені, бар ғұмырын бала тәрбиесіне арнап, «Бектоғай» колхозының бетке ұстар білімді мұғалімінің бірі болған Кәрібаевты көлденең куәгер арқылы кінәлі ету оңай болғанмен осы Сауытбек секілді көптеп көрнеу әділетсіз «Советке жат элемент» атанғандарды ақтап алу қиын екені де рас.

Тағы бір сарбаз Малаев немесе Сейітжаппар Молдыбаев ОҚО, Түркістан ауданының Борисовка селосында дүниеге

де «Түркістан легионына» алынған сарбаз Сейітжаппар өзгелер секілді кіші командирлер даярлайтын мектепке жіберілген.

1948 жылы 6 тамызда қамауға алынған Малаев та тағдырдың тәлкегіне ұшырап, 25 жылға сотты болыпты. Жазаның ауыр болу себебі, «сатқын» Сейітжаппар легионда бөлім командирі бола жүріп, итальян партизандарының көзін құрту операцияларына қатысқан, ол аз болса, ағылшын офицеріне келісім беріп, Кеңестер Одағына оралысымен-ақ антисоветтік агитацияны қыздырып тыңшылық әрекетке көшіпті-міс.

Сот та созбалаңға салмай, 1948 жылы 24 қарашада Сейітжаппарды қылмыскер деп танып, Челябинск облысының Верхне-Уральск қаласына жазасын өтеуге жібереді. Алайда, Сейітжаппар да өзі секілді тағдырлас жауынгерлермен бірге Отан алдында сатқындық жасамағанын, жау ұшақтарының кезекті бомбылауынан соң ес-түссіз жатқанында қапылыста қолға түскенін, «партизандарға қарсы күресті, ағылшын барлау қызметімен ауыз жаласты» дегеннің бәрі сандырақ екенін айтып, жоғары жаққа сан мәрте арыз жазғанымен, жауап болмаған. Керісінше, Малаевпен бірге болған бес «легиондықтардың» – сот процесі алдындағы жауаптары ақ-қарасы анықталмаған күйі іске тігіліп кеткен.

Малаевты фотокарточкасы арқылы танып, «легиондағы ерліктерін» паш еткен бұл бес куәгер сот мәжілісіне алдырылмаған. Өйткені олар да Сейітжаппар секілді «сотты болғандар» екен. Дегенмен сот оның партизан отрядтарын жоюға қатысқандығы жөніндегі нақтылы дәлелдердің жоқтығын алға тартып, жазаны 10 жылға кеміткен.

**Сейдахан ӘЛІБЕК,
М. Әуезов
атындағы ОҚУ
колледжінің директоры,
тарих ғылымдарының
докторы**

(Жалғасы келесі санда)